

Ұлы даланың жеті қыры

Кеңістік – барлық нәрсенің, ал уақыт – бүкіл оқиғаның өлшемі. Уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады. Бұл – жай ғана әдемі афоризм емес.


21 қарашада Ақорда сайтында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы жарияланды



Мемлекет басшысы атап отырған жаңа жобалар сөзсіз тарих ғылымының дамуына мұрындық болып, қазақстандықтардың арасында тарих іліміне деген қызығушылықты арттырады.



Ұлы Даланың жеті қыры



Әр біреуіне тоқталатын болсақ, жеті қырының біреуі ол-
«аң стилі»




“ ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ
СИМВОЛДАРЫНЫҢ БІРІ —
ЖЕРГІЛІКТІ ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІНДЕ
СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН ТҰРПАТЫ ТЕКТІ
ҚАР БАРЫСЫ ЕКЕНІ КЕЗДЕЙСОҚ
ЕМЕС. БҰЛ РЕТТЕ, АҢ СТИЛІ
БАБАЛАРЫМЫЗДЫҢ ЖОҒАРЫ
ӨНДІРІСТІК ТӘЖІРИБЕСІ
БОЛҒАНЫН КӨРСЕТЕДІ ”

Елбасы Н.Назарбаевтың
«Ұлы Даланың жеті қыры»
атты мақаласынан



ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ



*«Өткенін мақтан тұтып,
бүгінін нақты бағалай білу және
болашаққа оң көзқарас таныту -
еліміздің табысты болуының
кепілі дегеніміз осы»*

Н.Ә.Назарбаев

АҢ СТИЛІ

ӨЗ ЖАЗУЫ МЕН МИФОЛОГИЯСЫ БАР ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕЖЕЛГІ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ОЗЫҚ МӘДЕНИЕТІ БОЛДЫ.

Олардың мұрасының жарқын көрінісі, көркем болмысы мен рухани байлығының айшықты белгісі - **«аң стилі өнері»**. Жануарлар бейнесін тұрмыста пайдалану адам мен табиғаттың өзара байланысының символына баланып, көшпенділердің рухани бағдарын айқындап отырған.



Бұл ретте, аң стилі бабаларымыздың айрықша жоғары өндірістік тәжірибесі болғанын көрсетеді – олар оюлап кескіндеуді, металмен жұмыс істеудің техникасын, соның ішінде, мыс пен қоладан балқымалар жасаудың және құймалар құюдың, жайма алтын дайындаудың күрделі әдістерін жақсы меңгерген.

Келесі, Атқа міну мәдениеті. Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағаны тарихтан белгілі.

1. Атқа міну мәдениеті



Металл өндірудің амал-тәсілдерің табу тарихтың жаңа кезеңіне жол ашып, адамзат дамуының барысын түбегейлі өзгертті.

2. Ұлы даладағы ежелгі металлургия



ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ

«Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту - еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы»


Н.Ә.Назарбаев



ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ



Еліміздің географиялық тұрғыдан ұтымды, яғни Еуразия құрлығының кіндігінде орналасуы ежелден әртүрлі мемлекеттер мен өркениеттер арасында транзиттік «дәліздердің» пайда болуына септігін тигізді



Дала белдеуі Қытай, Үнді, Парсы, Жерорта теңізі, Таяу Шығыс және славян өркениеттерін байланыстырды.

Орталық Еуразияда түркілер үстемдік құрған кезеңде Ұлы Жібек жолы гүлдену шегіне жетіп, халықаралық ауқымда экономиканы өркендетуге және мәдениетті дамытуға септігін тигізді

Біздің дәуірімізден бастап бұл құрлық жолдары Ұлы Жібек жолы жүйесіне айналды



ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ

«Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту - еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы»

Н.Ә.Назарбаев



Әлемдік ғылым үшін сенсация саналған жаңалық - 1969 жылы Қазақстанның Есік қорғанынан табылған

«АЛТЫН АДАМ»

Жауынгердің алтынмен апталған киімдері ежелгі шеберлердің алтын өңдеу техникасын жақсы меңгергенін аңғартады. Сонымен бірге, бұл жаңалық Дала өркениетінің зор қуаты мен эстетикасын әйгілейтін бай мифологияны паш етті

Дала халқы өз көсемдерін осылайша ұлықтап, оның мәртебесін күн секілді күдірет деңгейіне көтеріп асқақтатқан

Жауынгердің жанынан табылған күміс кеселердің бірінде ойып жазылған таңбалар бар. Бұл - Орталық Азия аумағынан бұрын-соңды табылған жазу атаулының ішіндегі ең көнесі



Көпшіліктің санасында тарихи үдерістер, негізінен, тұлғаландыру сипатына ие болатыны белгілі. Көптеген халықтар өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтады.

Сондықтан біз біріншіден, атақты тарихи тұлғаларымыз бен олардың жетістіктерінің құрметіне ашық аспан астында ескерткіш-мүсіндер қойылатын **«Ұлы даланың ұлы есімдері» атты оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын** ашуымыз керек, - деп Н. Ә. Назарбаев өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында баяндады. Сондай-ақ Мемлекет басшысы қазіргі әдебиеттегі, музыка мен театр сынды түрлі сала тұлғаларына арналған галерея жасауды қолға алуды тапсырды. Сонымен қатар еліміздің тарихи кезеңдерін кеңінен қамтитын «Ұлы Дала тұлғалары» атты ғылыми-көпшілік сериялар шығарылып, тарату жұмыстары бір жүйеге енетін болады. Ол үшін қазақстандық ғалымдармен қатар шетелдік мамандар да тартылатын халықаралық көпбейінді ұжым құрылады. Бұл арқылы ел қаһармандарының өмірі мен қызметі жөнінде тек қазақстандықтар ғана емес, сондай-ақ шетелдік азаматтар да білетін болады.



ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ



*«Өткенін мақтан тұтып,
бүгінін нақты бағалай білу және
болашаққа оң көзқарас таныту -
еліміздің табысты болуының
көпілі дегеніміз осы»*

Н.Ә.Назарбаев

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ЕСІМДЕРІ



Ұлы дала Әл-Фараби мен Яссауи, Күлтөгін мен Бейбарыс, Әз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптөген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді.



Атақты тарихи тұлғаларымыз бен олардың жетістіктерінің құрметіне ашық аспан астында ескерткіш-мүсіндер қойылатын «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын ашуымыз керек.



Мақсатты мемлекеттік тапсырыс ұйымдастыру арқылы қазіргі әдебиеттегі, музыка мен театр саласындағы және бейнелеу өнеріндегі ұлы ойшылдар, ақындар және ел билеген тұлғалар бейнесінің маңызды галереясын жасауды қолға алу қажет.



Еліміздің тарихи кезеңдерін кеңінен қамти отырып, «Ұлы Дала тұлғалары» атты ғылыми-көпшілік серияларды шығарып, тарату жұмыстарын жүйелендіру және жандандыру қажет.

«...Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту — еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы.»

*21 қараша 2018 ж.
Н.Ә.Назарбаев*

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАҚМЕТ!!!**